Әдеби шолу. *Азық-түлік өнеркәсібіндегі цифрлық егіздер тұжырымдамасы.* Цифрлық егіз (ЦЕ) – бұл нақты уақыттағы деректер арқылы өзінің физикалық аналогымен үнемі синхрондалып отыратын, оның жай-күйін, жұмысын және өмірлік циклін сипаттайтын динамикалық виртуалды модель (Abdurrahman and Ferrari, 2025). Соңғы жылдары азық-түлік қауіпсіздігі мен тарату желілерінің тиімділігін арттыру ғаламдық мәселеге айналды. Vitkom цифрлық қауымдастығы мен Германияның тамақ және сусын өнеркәсібі федерациясының (BVE) сауалнамасы (Rohleder and Minhoff, 2019) 300-ден астам сұралған тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының 70%-ы көзден тұтынушыға дейін түпкілікті бақылауды маңызды басымдық деп санайтынын көрсетеді. Жасанды интеллект (AI) негізіндегі болжамдау модельдері азық-түліктің бұзылуын және сақтау мерзімін бағалауда дәстүрлі тәсілдерге қарағанда әлдеқайда тиімді шешімдер ұсынады (Shehzad, 2025). Заттар интернеті (IoT), AI және бұлттық есептеулер сияқты технологияларды біріктіретін ақылды жүйелер (Gupta et al., 2025) ЦЕ-дің толыққанды жұмыс істеуіне негіз болады.

Цифрлық егіздің сенсорлық-коммуникациялық деңгейі. Ақылды сенсорлар физикалық нысанның жай-күйі туралы деректерді жинап, оны цифрлық модельге жеткізетін негізгі құрал болып табылады (Gupta et al., 2025). Сенсорлар мен машиналық оқытуды біріктіретін «интеллектуалды сенсорлар» тұжырымдамасы өндіріс процестерін оңтайландыру үшін бірыңғай негіз ұсынады (Watson et al., 2021). Мұндай жүйелер температура, ылғалдылық, газ концентрациясы сияқты маңызды параметрлерді нақты уақыт режимінде өлшей алады (Baswoju et al., 2023; da Costa et al., 2023; Manimaran et al., 2025). IoT технологиясымен біріктірілген биосенсорларды азық-түлік қаптамаларына енгізу – тамақ қауіпсіздігі мен қадағалануын жақсартудағы маңызды серпіліс болып саналады (Sobhan et al., 2025). Бұл сенсорлар температура, ылғалдылық, қышқылдық (pH) және ұшпа органикалық қосылыстардың концентрациясы сияқты маңызды параметрлерді нақты уақыт режимінде өлшей алады. Мұндай жүйелер деректерді IoT желілері арқылы жіберіп, жеткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде проактивті шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді (Sobhan et al., 2025). Көптеген зерттеушілер дрон сияқты IoT құрылғыларын ауыл

шаруашылығында (Kim et al., 2019) және топырақ жағдайын бақылау үшін киілетін сенсорларды (Yin et al., 2021) қолданудың тиімділігін көрсетті. Бұл тәсілдер тұрақты дамуға ықпал етеді. Осы сенсорлардан жиналған деректерді ЦЕ-дің орталық жүйесіне тиімді жеткізу үшін сенімді коммуникациялық протокол қажет. Біздің зерттеу тобымыздың жүргізген салыстырмалы талдауы MQTT over TCP протоколының ең төменгі кідірісті қамтамасыз ететінін көрсетті, бұл нақты уақыттағы ЦЕ үшін аса маңызды (Amirkhanov et al., 2025b).

Цифрлық егіздің аналитикалық және предиктивті ядросы. Машиналық оқыту алгоритмдері цифрлық егіздің аналитикалық ядросын құрайды. Олар сенсорлық деректер негізінде өнімнің сапасын бағалап, жарамдылық мерзімін болжауға мүмкіндік береді. Бұл салада әртүрлі модельдер, соның ішінде конволюциялық нейрондық желілер (CNN) (Baswoju et al., 2023), Random Forest және нейрондық желілер сияқты ансамбльдік әдістер (Manimaran et al., 2025) кеңінен қолданылады. Жалпы алғанда, AI негізіндегі болжамдау модельдері IoT сенсорларынан, спектроскопиядан және қоршаған ортаны бақылаудан алынған көптеген дереккөздерге сүйенеді (Shehzad, 2025). Бұл тәсілдер сақтау шарттарын бақылайтын сенсорлардан алынған деректердегі үлгілер мен аномалияларды анықтауға, сол арқылы азық-түліктің оңтайлы жағдайда сақталуын қамтамасыз етуге көмектеседі (Grazia, 2024). Сонымен қатар, жасанды интеллект (AI) технологияларын қолдану тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін, сапасын және қорғалуын жақсартуға мүмкіндік беретін IoT-биосенсорлардың мүмкіндіктерін кеңейтеді (Sobhan et al., 2025). Ақылды орау жүйелері өнімнің бастапқы құрамы, микробтардың өсуі және сақтау шарттары туралы ақпаратты жинақтап, жеткізу тізбегінің барлық қатысушыларына маңызды деректер ұсынады (Rodrigues et al., 2021). Жақында жүргізілген зерттеулер аммиак буының детекциясы арқылы еттің балғындығын нақты уақытта бақылауға болатынын көрсетті (Ranjith et al., 2023). Алайда, машиналық оқыту модельдеріне жіберілетін деректердің қауіпсіздігі мен тұтастығын қамтамасыз ету – цифрлық егіз экожүйесінің маңызды аспектісі. Осы мақсатта, біздің зерттеу тобымыз қашықтан бақылау және қауіпсіздік қатерлерін анықтау үшін деректерді жинау мен сақтаудың кешенді жүйесін құрды (Adilzhanova et al., 2025 a). Сонымен қатар, жиналған деректер негізінде кибершабуылдардың түрлерін ажырату үшін машиналық оқыту алгоритмдері қолданылды (Adilzhanova et al., 2025 b).

Цифрлық егіздің предиктивті функцияларын тиімді іске асыру бірнеше негізгі қағидатты ескеруді талап етеді (Mamarazhabova and Shingisov, 2024; Krupitzer and Noack, 2022). Олардың біріншісі – сенсорлық деректер негізінде өнімнің бұзылу үлгілерін анықтайтын және оның болашақтағы жай-күйін болжайтын машиналық оқыту алгоритмдерін қолдану болып табылады. Осы болжамның дәлдігін арттыру үшін әр өнімнің ерекшелігіне сай келетін оңтайлы модельді таңдау маңызды.

Сонымен қатар, цифрлық егіздің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуде

энергия тиімділігі шешуші рөл атқарады. Дәл осы жерде шеткі есептеулер (Edge ML) технологиясының артықшылығы көрінеді: ол сенсорлардың деректерді жинау және жіберу жиілігін онтайландыру арқылы энергия тұтынуды азайтуға мүмкіндік береді, бұл жүйенің тұрақты жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Осы қағидаттарды біріктіру арқылы сенімді, дәл және энергия тиімді цифрлық егізді құруға болады, бұл өз кезегінде азық-түлік ысырабын азайтып, өнім сапасын басқаруды жақсартады.

Цифрлық егіздің визуализация деңгейі. Талдау нәтижелерін және болжамдарды пайдаланушыға түсінікті түрде ұсыну үшін жоғары сапалы 3D-визуализация қажет. Бұл цифрлық егізбен интерактивті жұмыс істеуге және өндірістік процестерді модельдеуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта біздің зерттеу тобымыз Blender бағдарламасын (Amirkhanov et al., 2025a) пайдалана отырып, өндірістік жабдықтың нақты 3D-модельдерін жасау әдістемесін әзірледі. Бұл тәсілдер цифрлық егіздің шынайы және дәл виртуалды көшірмесін жасауға негіз болады.


Зерттеудегі ғылыми олқылықты анықтау. Көптеген зерттеулерде модельдер бұлттық ортада жұмыс істейді, бұл кідірістерге және жоғары энергия тұтынуына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, AI модельдерін енгізуде деректердің аздығы, модель дәлдігінің шектеулі болуы және енгізу құнының жоғары болуы сияқты қиындықтар бар (Shehzad, 2025). Жан-жақты шолулар көрсеткендей, IoT негізіндегі биосенсорларды енгізуде деректердің құпиялылығы, қауіпсіздігі, интеграцияның күрделілігі және энергиямен қамтамасыз ету сияқты бірқатар шешілмеген мәселелер бар (Manimaran et al., 2025). Шеттегі есептеулер деректерді бұлтқа жіберудегі кідірістерді жоюға және энергия тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, бұл жеткізу тізбегіндегі автономды құрылғылар үшін аса маңызды. Осыған байланысты, біздің зерттеуіміз осы олқылықты толтыруға, яғни сенсорлардан алынған деректерді нақты уақытта өңдейтін, жарамдылық мерзімін болжайтын және энергияны үнемдейтін Edge ML негізіндегі прототипті әзірлеп, оның тиімділігін эксперименталды түрде дәлелдеуге бағытталған. Жоғарыда аталған жұмыстарда біздің зерттеу тобымыз цифрлық егіздің коммуникациялық (Amirkhanov et al., 2025 b), қауіпсіздік (Adilzhanova et al., 2025a, Adilzhanova et al., 2025b) және визуализация (Amirkhanov et al., 2025b) сияқты маңызды компоненттерін қарастырғанымен, оның аналитикалық ядросының, яғни Edge ML негізіндегі предиктивті модулінің практикалық іске асырылуы және эксперименталды түрде дәлелденуі басты назардан тыс қалды. Осыған байланысты, біздің зерттеуіміз осы олқылықты толтыруға бағытталған.

Материалдар мен әдістер. *Зерттеу нысаны және жалпы тәсіл.* Бұл мақала алма жемісінің цифрлық егізінің предиктивті ядросын құруға арналған прототиптік жүйенің әзірленуін қарастырады. Негізгі нәтижелерге смарт сенсорлардан (температура, ылғалдылық, газ концентрациясы) алынған деректерді, шеткі есептеулерде орындалатын машиналық оқыту (Edge ML)

алгоритмдерін біріктіру кіреді. Осының барлығы алма сияқты жемістердің сақталуын басқарудағы негізгі мәселелерді шешуге қабілетті, физикалық нысанның жай-күйін динамикалық түрде болжайтын интеллектуалды жүйені құруға мүмкіндік береді.

Мақалада қолданылатын әдістемелік тәсіл заманауи технологияларды: смарт сенсорларды (MQ-9, MQ-135, DHT22) және шеткі машинаны оқытуды (Edge ML) пайдалана отырып, алманың цифрлық егізінің негізгі компоненті болып табылатын прототипті әзірлеуді қамтиды. Негізгі назар алманың сақталуы кезіндегі ысырапты азайтуды қамтамасыз етуге және физикалық нысанның қалған сақтау мерзімін дәл болжау арқылы оның виртуалды көшірмесін үнемі жаңартып отыруға аударылады. Зерттеу барысында прототиптің аппараттық құрылымы жасалып, деректерді жинау, жіберу (MQTT) және сақтау (InfluxDB) механизмдері іске қосылды, сондай-ақ алманың сақтау мерзімін болжауға арналған XGBoost машиналық оқыту моделі әзірленіп, оның бастапқы өнімділігі бағаланды.

Прототиптің аппараттық құрылымы. Зерттеу барысында физикалық нысанның сақталу ортасының негізгі параметрлерін бақылауға арналған интеллектуалды жүйенің прототипі құрастырылды. Прототиптің жалпы аппараттық архитектурасының схемасы 1-суретте келтірілген.




Сурет 1 — Прототиптің аппараттық құрылымының схемасы.

Прототиптің сенсорлық кешені қоршаған ортаның маңызды көрсеткіштерін үздіксіз өлшеуге бағытталған. Атап айтқанда, ауадағы көміртек тотығы (CO) және метан (CH₄) сияқты жанғыш газдардың концентрациясын анықтау үшін MQ-9 газ сенсоры қолданылды. Бұл сенсор CO газын 10 ppm-нен 1000 ppm-ге дейінгі (parts per million) және CH₄ газын 100 ppm-нен 10,000 ppm-ге дейінгі диапазонда анықтауға қабілетті. Жалпы ауа сапасын бағалау және аммиак (NH₃), азот оксидтері (NO_x), алкоголь булары, бензол (C₆H₆) және басқа да ұшпа органикалық қосылыстардың (VOCs) болуын бақылау мақсатында MQ-135 газ сенсоры таңдалды. Қоршаған ортаның температурасы мен салыстырмалы ылғалдылығын өлшеу үшін жоғары дәлдікті қамтамасыз

ететін DHT22 (AM2302) цифрлық сенсоры пайдаланылды. Бұл сенсор температураны -40°C -тан $+80^{\circ}\text{C}$ -қа дейінгі диапазонда $\pm 0.5^{\circ}\text{C}$ дәлдікпен, ал салыстырмалы ылғалдылықты 0%-дан 100%-ға дейінгі RH диапазонында $\pm 2\%$ RH дәлдікпен өлшеуге мүмкіндік береді.

Әрбір сенсор тобы жеке ESP32 микроконтроллеріне қосылған. ESP32 микроконтроллерлері сенсорлардан деректерді жинап, алғашқы өңдеуден өткізіп, Wi-Fi желісі арқылы MQTT (Message Queuing Telemetry Transport) протоколы бойынша орталық өңдеуші құрылғы – Raspberry Pi 5-ке жібереді. Raspberry Pi 5 алынған деректерді сақтау, машиналық оқыту болжамдарын жасау және жалпы жүйені басқару функцияларын атқарады.

Прототиптің бір сенсорлық түйінінің физикалық жүзеге асырылуының мысалы 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2 — ESP32 микроконтроллеріне қосылған MQ-9, MQ-135 және DHT22 сенсорлары бар прототиптік түйіннің құрастырылуы.

2-суретте көрсетілгендей, сенсорлар (екі MQ сериялы газ сенсоры және бір DHT температура/ылғалдылық сенсоры) макет тақтасына орнатылып, ESP32 WROOM-32 даму тақтасына жалғанған. ESP32 микроконтроллері сенсорлардан деректерді жинап, алғашқы өңдеуден өткізіп, Wi-Fi модулі арқылы MQTT протоколы бойынша орталық өңдеуші құрылғы – Raspberry Pi 5-ке жібереді. Прототипті USB кабелі арқылы қуаттандыруға болады. Мұндай бірнеше сенсорлық түйіндерді (1-суретте көрсетілгендей) әртүрлі жерлерге орналастыру арқылы кеңістікте таратылған деректерді жинауға болады.

Деректерді жинау, жіберу және сақтау. Прототиптегі сенсорлық деректерді жинау, орталық өңдеуші құрылғыға жіберу және кейіннен цифрлық егіздің виртуалды моделін жаңарту үшін сақтау процесі бірнеше негізгі технологиялар мен протоколдар арқылы жүзеге асырылды. Әрбір ESP32 микроконтроллері өзіне қосылған сенсорлар кешенінен (MQ-9, MQ-135, DHT22) деректерді жинап отырады. Газ сенсорларынан (MQ-9, MQ-135) алынатын аналогтық сигналдар ESP32-нің кіріктірілген аналогты-цифрлық түрлендіргіші (ADC) арқылы цифрлық мәндерге айналдырылады. DHT22 сенсорынан температура мен ылғалдылық туралы цифрлық деректер тікелей

оқылады. Әрбір ESP32 түйіні жиналған деректерді (сенсор көрсеткіштері, түйін идентификаторы, уақыт белгісі) бірыңғай форматқа келтіреді.

Дайындалған деректер пакеттері ESP32 түйіндерінен Raspberry Pi 5-ке Wi-Fi желісі арқылы MQTT (Message Queuing Telemetry Transport) протоколы бойынша жіберіледі. MQTT протоколы IoT құрылғылары үшін өзінің жеңілдігімен, сенімділігімен және төмен өткізу қабілеттілігі бар желілерде тиімді жұмыс істеуімен таңдалды. Raspberry Pi 5 құрылғысында Mosquitto сияқты ашық кодты MQTT брокері орнатылған. Әрбір ESP32 түйіні өзінің деректерін белгілі бір MQTT тақырыбына жариялайды, ал Raspberry Pi-дегі Python скрипті осы тақырыптарға жазылып, хабарламаларды қабылдайды. 3-суретте Raspberry Pi-де жұмыс істейтін Python скриптінің MQTT брокерінен foodchain/esp32_node_1/data тақырыбы арқылы келіп түскен хабарламаны (`{«node_id»:«esp32_node_1», «temperature»:29.1, «humidity»:33.8, «mq9_raw»:188, «mq135_raw»:187}`) қабылдау процесі көрсетілген. Raspberry Pi-дегі Python скрипті MQTT арқылы қабылданған деректерді талдап, оларды InfluxDB уақыттық қатарлар дерекқорына сақтайды. InfluxDB сенсорлық деректерді уақыт белгілерімен тиімді сақтауға, оларға жылдам сұраныстар жасауға және визуализациялауға өте ыңғайлы болғандықтан таңдалды. Терминал шығысында (Сурет 3) көрсетілгендей, шикі сенсорлық деректер InfluxDB-дағы sensor_readings деп аталатын өлшемге жазылады. Бұл өлшемде node_id сияқты тегтер және temperature, humidity, mq9_raw, mq135_raw сияқты өрістер қолданылады. Машиналық оқыту моделі арқылы жасалған болжамдар бөлек shelf_life_predictions өлшеміне сақталады. Деректерді InfluxDB-ға жазу үшін InfluxDB-Client Python кітапханасы пайдаланылды. Бастапқыда, деректерді жазу кезінде кейбір өрістер үшін типтердің сәйкес келмеуіне («field type conflict») байланысты қателіктер туындады; бұл мәселе деректерді InfluxDB-ға жіберер алдында барлық сандық сенсорлық көрсеткіштерді float типіне алдын ала түрлендіру арқылы шешілді.

```

user@pi4:~/codes/tom_1_rice $ python3 mqtt_to_influx.py
Успешно подключено к InfluxDB, база данных: food_supply_chain
ML пайллайн '/home/user/codes/tom_1_rice/gradient_boosting_shelf_life_pipeline.pkl' успешно загружен.
Модель ожидает на вход следующие колонки (до препроцессинга): ['product_type', 'temperature', 'humidity', 'mq9_raw', 'mq135_raw', 'storage_condition_scenario']

Политка подключения к MQTT брокеру localhost:1883...
Успешно подключено к MQTT брокеру!
Успешная подписка на топик: [('foodchain/esp32_node_1/data', 0), ('foodchain/esp32_node_2/data', 0)]

Получено сообщение: '{"node_id": "esp32_node_1", "temperature": 29.1, "humidity": 33.8, "mq9_raw": 188, "mq135_raw": 187}' из топика 'foodchain/esp32_node_1/data'
Сырые данные от 1 записаны в InfluxDB (sensor_readings).
Данные для предсказания (DataFrame):
  product_type  temperature  humidity  mq9_raw  mq135_raw  storage_condition_scenario
0  default_milk           29.1         33.8         188         187             ideal_refrigeration
ML Предсказание (оставшийся срок годности, дней) для 1: 3.94
Предсказание ML для 1 записано в InfluxDB (shelf_life_predictions).

Получено сообщение: '{"node_id": "esp32_node_1", "temperature": 29, "humidity": 33.8, "mq9_raw": 189, "mq135_raw": 187}' из топика 'foodchain/esp32_node_1/data'
Исключение при записи сырых данных в InfluxDB: 400: {"error": "partial write: field type conflict: input field \"temperature\" on measurement \"sensor_readings\" is type integer, already exists as type float dropped=1"}
Данные для предсказания (DataFrame):
  product_type  temperature  humidity  mq9_raw  mq135_raw  storage_condition_scenario
0  default_milk           29         33.8         189         187             ideal_refrigeration
ML Предсказание (оставшийся срок годности, дней) для 1: 3.94
Исключение при записи предсказания ML в InfluxDB: 400: {"error": "partial write: field type conflict: input field \"input_temp\" on measurement \"shelf_life_predictions\" is type integer, already exists as type float dropped=1"}
^C
Скрипт остановлен пользователем.
Отключается от MQTT брокера...
Отключено от MQTT брокера.
user@pi4:~/codes/tom_1_rice $

```

Сурет 3 — MQTT арқылы деректерді қабылдау, ML болжамын жасау және InfluxDB-ға жазу процесінің терминал шығысының мысалы.

Машиналық оқыту моделін әзірлеу. Алма жемісінің тоңазытқыш жағдайындағы қалған сақтау мерзімін дәл болжау мақсатында осы өнім түріне мамандандырылған машиналық оқыту (ML) моделі әзірленді. Бұл процесс арнайы лабораториялық жағдайда деректер жиынтығын қалыптастырудан, маңызды белгілерді таңдаудан, модельді оқытудан, оның гиперпараметрлерін оңтайландырудан және алынған модельдің өнімділігін жан-жақты бағалаудан тұрды.

Модельді оқыту үшін арнайы лабораториялық жағдайда жиналған деректер жиынтығы пайдаланылды. Экспериментке «Голден Делишес» алма сортының 28 данасы алынды. Барлық алмалар стандартты тоңазытқыш жағдайына орналастырылды, мұнда температура 0°C-тан +5°C-қа дейінгі аралықта және салыстырмалы ылғалдылық 89-98,5% RH деңгейінде бақыланды. Бұл бақыланатын орта физикалық нысанның жай-күйі туралы сенімді деректер алуға мүмкіндік берді. Әрбір алманың жанына MQ-9, MQ-135 және DHT22 сенсорлары орнатылды. Деректерді жинау 2025 жылдың 5 мамырынан 2025 жылдың 6 маусымына дейінгі аралықта, демалыс күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін әрбір 30 минут сайын автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, әр жұмыс күні бір алмадан 18 дерек нүктесі жиналды. Нәтижесінде, алмалардан 12545 жазба алынды және әр жазба 10 белгіден тұрды.

Модельге кіріс ретінде температура, салыстырмалы ылғалдылық, MQ-9 сенсорының шикі көрсеткіші, MQ-135 сенсорының шикі көрсеткіші, уақыттық факторлар, әрбір алманың нөмірі, сақтау мерзімі қарастырылған. Мақсатты айнымалы ретінде алманың нақты қалған сақтау мерзімі алынды. Нақты қалған сақтау мерзімі әрбір өлшеу сәтіндегі күннен бастап, алманың қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімінің соңғы күніне дейінгі қалған күндер санын есептеу арқылы анықталды. Деректер жиынтығы модельді оқытуға дайындау үшін деректерді стандарттау, жетіспейтін мәндерді медианамен толтыру, секілді қажетті алдын ала өңдеу қадамдарынан өтті. Бұл процестер Scikit-learn кітапханасының Pipeline және ColumnTransformer құралдары арқылы жүзеге асырылып, оқытылған пайплайнға енгізілген.

Алманың қалған сақтау мерзімін болжау үшін XGBoost (Extreme Gradient Boosting) Regressor алгоритмі таңдалды. Бұл алгоритм цифрлық егіздің предиктивті моделі ретінде өзінің жоғары дәлдігімен, есептеу жылдамдығымен және күрделі тәуелділіктерді анықтау қабілетімен ерекшеленеді. Модельдің гиперпараметрлерін оңтайландыру және ең жақсы параметрлер жиынтығын табу үшін Scikit-learn кітапханасындағы RandomizedSearchCV әдісі қолданылды. Жиналған деректертердің 80%-ы оқытуға, ал қалған 20% тестілеуге бөлінді.

Модельдің өнімділігін оқыту және тестілеу жиынтықтарында бағалау үшін орташа квадраттық қателік (MSE), түбірлік орташа квадраттық қателік (RMSE) және детерминация коэффициенті (R^2 Score) сияқты стандартты регрессиялық

метрикалар пайдаланылды. Барлық деректерді өңдеу, модельдерді оқыту, оңтайландыру және бағалау Python бағдарламалау тілінде, негізінен Pandas, NumPy және Scikit-learn, XGBoostRegressor кітапханаларын қолдану арқылы жүзеге асырылды.


Нәтиже. *Предиктивті модельдің өнімділігін бағалау.* Өзірленген цифрлық егіздің предиктивті ядросының, яғни XGBoost моделінің алманың қалған сақтау мерзімін болжаудағы өнімділігі тестілеу жиынтығында бағаланды. Алынған нәтижелер кесте 1-де келтірілген.

Кесте 1 — Алманың сақтау мерзімін болжауға арналған XGBoost моделінің өнімділік көрсеткіштері

Деректер жиынтығы	MSE	RMSE	R ² Score
Оқыту деректері	0.2557	0.5057	0.9982
Тест деректері	0.9008	0.9491	0.9936

Кесте 1-ден көрініп тұрғандай, XGBoost моделі тестілеу жиынтығында жоғары өнімділік көрсетті. R² Score мәнінің 0.9936-ға тең болуы виртуалды модельдің физикалық нысанның жай-күйінің дисперсияның 99.36%-ын өте жоғары дәлдікпен түсіндіре алатынын көрсетеді. RMSE көрсеткіші (0.9491 күн) болжамның орташа қателігі шамамен ±0.95 күнді құрайтынын білдіреді, бұл алма сияқты жемістің сақтау мерзімін болжау үшін өте жақсы нәтиже болып табылады. Оқыту және тестілеу жиынтықтарындағы көрсеткіштердің жақын болуы модельдің артық оқытылуға ұшырамағанын көрсетеді.


Модельдің болжамдарының нақты мәндерге сәйкестігі сурет 4-те көрнекі түрде бейнеленген. Графиктен көрініп тұрғандай, нүктелердің басым көпшілігі идеалды болжам сызығының айналасында тығыз орналасқан, бұл предиктивті модельдің жоғары дәлдігін растайды.




Сурет 4 — Нақты және болжанған сақтау мерзімінің сәйкестігі.

Белгілердің маңыздылығын талдау және деректер динамикасы. Эксперимент барысында жиналған деректердің уақыттық динамикасы және негізгі факторлардың сақтау мерзіміне әсері цифрлық егіздің болжам жасау логикасын түсіну үшін жан-жақты зерттелді.


Сурет 6-да негізгі сенсорлық көрсеткіштердің алманың сақталуы кезіндегі уақыт бойынша өзгеруі келтірілген. Алғашқы кезеңде температура шамамен $+25^{\circ}\text{C}$ деңгейінде болса (сурет 5.1), кейіннен ол тоңазытқыш жағдайына сәйкес 0°C -ге дейін төмендеген. Ылғалдылық көрсеткіші де осыған сәйкес өзгерген (сурет 5.2). Сурет 5.3-те MQ-135 (жалпы ауа сапасы) және MQ-9 (иіс газы) сенсорларының көрсеткіштерінің уақыт өте келе біртіндеп арту үрдісі байқалады. Бұл алманың пісуі немесе бұзылу процесі кезінде ұшпа органикалық қосылыстардың бөлінуімен байланысты болуы мүмкін және бұл деректердің машиналық оқыту моделі үшін маңызды екенін көрсетеді.



Сурет 5.1.




Сурет 5.2.




Сурет 5.3.

Сурет 5 — Алманың сақталуы кезіндегі негізгі сенсорлық көрсеткіштердің уақыттық динамикасы: (5.1) Температура ($^{\circ}\text{C}$), (5.2) Салыстырмалы ылғалдылық (%), (5.3) Газ сенсорларының шикі көрсеткіштері.


Машиналық оқыту моделінің болжамдарына негіз болған факторлардың сақтау мерзіміне тікелей әсерін бағалау үшін олардың арасындағы тәуелділіктер зерттелді. Сурет 6-де келтірілген шашыранды диаграммалар әрбір негізгі фактор мен алманың қалған сақтау мерзімі арасындағы корреляцияны көрнекі түрде бейнелейді. Температура мен сақтау мерзімі арасында айқын теріс корреляция байқалады. Температураның жоғарылауы сақтау мерзімінің қысқаруына әкеледі. Ылғалдылықтың әсері біркелкі емес, бірақ жоғары ылғалдылық (90-100%) ұзағырақ сақтау мерзімімен байланысты екенін көруге болады, ал төменірек ылғалдылық (40-60%) қысқа мерзімдерге сәйкес келеді. MQ-135 және MQ-9 газ сенсорларының шикі көрсеткіштерінің артуы сақтау мерзімінің айтарлықтай төмендеуімен тығыз байланысты. Бұл газ концентрациясының алманың бұзылу дәрежесінің маңызды индикаторы екенін растайды және цифрлық егіздің предиктивті моделінің неліктен бұл белгілерге жоғары маңыздылық бергенін түсіндіреді.




Сурет 6.1.



Сурет 6.2.



Сурет 6.3.



Сурет 6.4.

Сурет 6 — Негізгі сенсорлық параметрлердің алманың қалған сақтау мерзіміне әсерінің шашыранды диаграммалары: (6.1) Температура (°C), (6.2) Салыстырмалы ылғалдылық (%), (6.3) MQ-135 сенсорының шикі көрсеткіші, (6.4) MQ-9 сенсорының шикі көрсеткіші.

Талқылау. *Жалпы талқылау және шектеулер.* Алынған нәтижелер ұсынылған архитектураның және XGBoost моделінің алманың сақтау мерзімін болжаудағы жоғары потенциалын көрсетеді. Әсіресе, газ сенсорларының көрсеткіштерінің болжам үшін маңыздылығы жоғары болуы, мұндай сенсорларды азық-түлік сапасын бақылауда қолданудың тиімділігін растайды.

Жалпы, әзірленген интеллектуалды цифрлық егіздің дәстүрлі жүйелермен салыстырғандағы артықшылықтары кесте 2-де келтірілген. Алынған

нәтижелер көрсеткендей, ұсынылған прототип нақты уақыттағы деректерді талдауға, бұзылу қаупін ерте болжауға және динамикалық бағалауға мүмкіндік береді, бұл оның жоғары потенциалын растайды.

Кесте 2 — Дәстүрлі және ақылды жүйелерді салыстыру

Функционалдылық	Дәстүрлі жүйе	Интеллектуалды ЦЕ
Нақты уақыттағы деректерді талдау	Жоқ	Иә (Edge)
Предиктивті талдау	Жоқ	Иә
Жарамдылық мерзімін динамикалық бағалау	Жоқ	Иә
Энергия тұтыну	Жоғары	Төмен (адаптивті)
Автоматтандырылған шешім қабылдау	Жоқ	Иә
Толыққанды ЦЕ-ге негіз бола алуы	Жоқ	Иә
Өзін-өзі оқыту мүмкіндігі	Жоқ	Иә

Дегенмен, бұл зерттеудің бірнеше шектеулері бар. Біріншіден, деректер тек бақыланатын бір ғана физикалық ортада жиналды. Екіншіден, мақсатты айнымалы ретінде статикалық жарамдылық мерзімі алынды, бұл нақты физикалық бұзылу уақытынан өзгеше болуы мүмкін. Үшіншіден, деректерді жинау тек жұмыс уақытымен шектелді. Бұл шектеулер болашақ зерттеулерде ескерілетін болады.

Бұл жұмыстың практикалық маңыздылығы – азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға және ысырапты азайтуға мүмкіндік беретін, нақты жағдайларда қолдануға болатын цифрлық егіздің негізгі компонентін жасауда жатыр. Сонымен қатар, ол интеллектуалды азық-түлік жүйелері мен тұрақты даму саласындағы одан әрі зерттеулерге негіз бола алады.

Болашақ жұмыс және зерттеу жоспары. Бұл зерттеуде біз азық-түлік өнімінің жарамдылық мерзімін болжайтын, Edge ML негізіндегі предиктивті цифрлық егіздің алғашқы прототипін сәтті әзірлеп, сынақтан өткіздік. Ұсынылған прототип осы процестің негізгі элементтерін – ақылды сенсорлар арқылы деректерді жинауды және Edge ML арқылы оны жергілікті деңгейде талдауды іске асырудың алғашқы қадамы болып табылады. Ол сурет 7-де көрсетілген интеллектуалды бақылаудың жалпы концепциясына сәйкес келеді..



Сурет 7 - Цифрлық егіз негізіндегі интеллектуалды бақылау процесі.

Біздің жұмысымыз сурет 8-да сипатталған көп деңгейлі архитектураның 0-деңгейін (Өнім қабаты) және 1-деңгейін (Реактивті қабат) іске асыруға бағытталған. Біздің прототип ақылды сенсорлар арқылы физикалық нысанның жай-күйін бақылап (0-деңгей), Edge ML арқылы оған қатысты реактивті болжам жасайды (1-деңгей).



Сурет 8 — Азық-түлік өніміне арналған цифрлық егіздің көп деңгейлі архитектурасы.

Осыған қарамастан, толыққанды, өзін-өзі жетілдіретін цифрлық егізді құру үшін бұл жұмысты одан әрі дамыту қажет. Болашақ зерттеулеріміздің негізгі бағыты – әзірленген модельдің жалпылама қабілетін арттыру. Бұл үшін прототипті әртүрлі азық-түлік өнімдерімен (мысалы, сүт өнімдері, ет) және әртүрлі сақтау жағдайларында, соның ішінде тасымалдау мен қоймада сынақтан өткізу жоспарлануда.

Келесі маңызды қадам – архитектураның жоғарғы деңгейлерін іске асыру болып табылады. Біз Edge-дегі модельді бұлттық платформамен (2-деңгей) біріктіруді мақсат етеміз. Бұл бірнеше ЦЕ-ден жиналған деректерді орталықтандырылған түрде талдауға, модельді үнемі жаңартып отыруға және сенсорлық қателерді анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, предиктивті модельдің нәтижелерін біздің зерттеу тобымыз әзірлеген 3D-модельдермен (Amirkhanov et al., 2025a) біріктіру арқылы толыққанды интерактивті цифрлық егіз құрылады.

Бұдан бөлек, жүйенің функционалдығын кеңейту үшін екіжақты байланысты іске асыру көзделуде. Қазіргі прототип тек бақылау функциясын атқарса, болашақта цифрлық егіздің болжамдары негізінде физикалық ортаға әсер ететін механизмдерді (мысалы, тоңазытқыштың температурасын және ылғалдылықты автоматты түрде реттеу) қосу жоспарлануда. Бұл жүйені реактивті модельден проактивті басқару жүйесіне айналдырады.

Соңғы кезеңде, прототипті лабораториялық жағдайдан шығарып, нақты өнеркәсіптік серіктестермен бірлесіп, шынайы өндіріс ортасында өнеркәсіптік апробациядан өткізу қажет. Бұл қадамдар біздің бастапқы зерттеуімізді кеңейтіп, азық-түлік сапасын басқаруға арналған толыққанды, коммерциялық тұрғыдан тиімді және кең ауқымды цифрлық егіз платформасын құруға берік негіз болады.

Қорытынды. Осы зерттеуде ақылды сенсорлар, Edge ML және IoT технологияларына негізделген азық-түлік өнімінің предиктивті цифрлық егізінің прототипі сәтті әзірленіп, сыналды. Эксперименталды сынақтар барысында XGBoost моделі алманың қалған сақтау мерзімін болжауда R² Score бойынша 0.9936 көрсеткішімен өте жоғары дәлдікке қол жеткізді. Бұл виртуалды модельдің физикалық нысанның болашақтағы жай-күйін жоғары сенімділікпен болжай алатынын дәлелдейді және оның нақты жағдайларда практикалық қолдану әлеуетін растайды.

Бұл нәтижелер ұсынылған архитектураның азық-түлік ысырабын азайтуға және сақтау процестерін оңтайландыруға зор мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Әзірленген цифрлық егіз нақты уақыттағы деректерді талдау, бұзылу қаупін ерте болжау және жарамдылық мерзімін динамикалық бағалау сияқты дәстүрлі жүйелерде жоқ маңызды артықшылықтар ұсынады.

Зерттеудің кейбір шектеулеріне қарамастан, бұл жұмыс болашақта толыққанды, көпфункционалды цифрлық егіз платформасын құруға берік негіз қалайды. Келесі қадамдарға деректердің тұтастығы мен қадағалануын қамтамасыз ету үшін блокчейн технологиясын біріктіру, сондай-ақ прототипті нақты өнеркәсіптік жағдайларда сынау кіреді.

References

Abdurrahman E.E.M., Ferrari G. (2025) Digital Twin applications in the food industry: a review. *Frontiers in Sustainable Food Systems*, 9. — 1538375 p. (in Eng.)

Adilzhanova S., Kunelbayev M., Amirkhanova G., Tyulepberdinova G., Sybanova D. (2025a) Analysis of the dynamics of cyberattacks and fraud methods using machine learning algorithms for IIoT: Information security of digital twins in Industry 4.0. *International Journal of Innovative Research and Scientific Studies*, 8(2)7 — P. 4012-4026. (in Eng.)

Adilzhanova S., Kunelbayev M., Amirkhanova G., Zhussupov Y., Tortay A. (2025b) Development of a data collection and storage system for remote monitoring and detection of security threats in the enterprise. *International Journal of Innovative Research and Scientific Studies*, 8(2). — P. 176-196. (in Eng.)

Amirkhanov B., Nurgazy T., Amirkhanova G., Kunelbayev M., Tyulepberdinova G. (2025a) Creating 3D models of production equipment and infrastructure using Blender. *International Journal of Innovative Research and Scientific Studies*, 8(1). — P. 1572-1588. (in Eng.)

Amirkhanov B., Amirkhanova G., Kunelbayev M., Adilzhanova S., Tokhtassyn M. (2025b) Evaluating HTTP, MQTT over TCP and MQTT over WEBSOCKET for digital twin applications: A comparative analysis on latency, stability, and integration. *International Journal of Innovative Research and Scientific Studies*, 8(1). — P. 679-694. (in Eng.)

Baswoju S.P., Latha Y., Changala R., Gummadi A. (2023) Development of CNN Model to Avoid Food Spoiling Level. *International Journal of Scientific Research in Computer Science, Engineering and Information Technology*, 9(5). — P. 261-268. (in Eng.)

da Costa T.P., Gillespie J., Cama-Moncuñil X., Ward S., Condell J., Ramanathan R., Murphy F. (2023) A Systematic Review of Real-Time Monitoring Technologies and Its Potential Application to Reduce Food Loss and Waste: Key Elements of Food Supply Chains and IoT Technologies. *Sustainability*, 15(1). — 614 p. (in Eng.)

Grazia J. (2024) Advancing the Food Industry: The Integration of Detection Technologies and Machine Learning for Improved Efficiency and Sustainability. *Journal of Food Processing and Technology*, 15, — 1134 p. (in Eng.)

Gupta V.K., Han S., Xiao J., Huh Y.S. (2025) Use of Future-Oriented Smart Sensors in Food Distribution and Safety Networks. *Food Chemistry International*, 1, — P. 6-10. (in Eng.)

Kim J., Kim S., Ju C., Son H.I. (2019) Unmanned Aerial Vehicles in Agriculture: A Review of Perspective of Platform, Control, and Applications. *IEEE Access*, 7, 105100-105115. (in Eng.)

Krupitzer C., Noack T., Borsum C. (2022) Digital Food Twins Combining Data Science and Food Science: System Model, Applications, and Challenges. *Processes*, 10(9). — 1781 p. (in Eng.)

Mamarazhabova B.A., Shingisov A.U. (2024) Issledovanie vozmozhnosti ispolzovaniya iskusstvennogo intellekta dlya optimizatsii protsessov proizvodstva i khraneniya produktov [A study of the possibility of using artificial intelligence to optimize production and storage processes]. *Ekonomika i sotsium*, 3(118)-2. — P. 684-687. (in Russian).

Manimaran M., Aniji M., Arthi K., Priya V.V., Maheswari S., Jeevitha S., Yogeshwari M. (2025) Enhanced Internet of Things-Based Intelligent Sensors for Instantaneous Food Quality Monitoring using Deep Neural Network. *Journal of Information Systems Engineering and Management*, 10(35s). — 6050 p. (in Eng.)

Ranjith K.S., Ghoreishian S.M., Park B., Lee H., Chodankar N.R., Raju G.S.R., Huh Y.S., Han Y.K. (2023) Fluorescence light-up electrospun membrane incorporated with perovskite nanoclusters as a highly sensitive colorimetric probe for detection of amine vapors during food spoilage. *Sensors and Actuators B: Chemical*, 384. — 133622 p. (in Eng.)

Rodrigues C., Souza V.G.L., Coelho I., Fernando A.L. (2021) Bio-Based Sensors for Smart Food Packaging—Current Applications and Future Trends. *Sensors*, 21(6). — 2148 p. (in Eng.)

Rohleder B., Minhoff C. (2019) Bitkom/Federation of German Food and Drink Industries. URL: <https://www.bitkom.org/sites/default/files/2019-03/Bitkom-Charts%20190326%20Digitalisierung%20der%20Ern%C3%A4hrungsindustrie.pdf>. (in Ger.)

Shehzad K. (2025) Predictive AI Models for Food Spoilage and Shelf-Life Estimation. *Global Trends in Science and Technology*, 1(1). — P. 75-94. (in Eng.)

Sobhan A., Hossain A., Wei L., Muthukumarappan K., Ahmed M. (2025) IoT-Enabled Biosensors in Food Packaging: A Breakthrough in Food Safety for Monitoring Risks in Real Time. *Foods*, 14(8). — 1403 p. (in Eng.)

Watson N.J., Bowler A.L., Rady A., Fisher O.J., Simeone A., Escrig J., Woolley E., Adedeji A.A. (2021) Intelligent Sensors for Sustainable Food and Drink Manufacturing. *Frontiers in Sustainable Food Systems*, 5. — 642786 p. (in Eng.)

Yin H., Cao Y., Marelli B., Zeng X., Mason A.J., Cao C. (2021) Soil Sensors and Plant Wearables for Smart and Precision Agriculture. *Advanced Materials*, 33(20). — 2007764 p. (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

www.nauka-nanrk.kz

<http://physics-mathematics.kz/index.php/en/archive>

ISSN2518-1726 (Online),

ISSN 1991-346X (Print)

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*

Верстка на компьютере: *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 31.03.2026.

Формат 60x881/8.

20,0 п.л. Заказ 1.